

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы негіздерінің мәртебесі, оларды әзірлеу, қабылдау және іске асыру тәртібі туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 мамырдағы N 53 Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Шарт қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Астанада 2004 жылғы 18 маусымда жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы негіздерінің мәртебесі, оларды әзірлеу, қабылдау және іске асыру тәртібі туралы шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың
Мемлекетаралық кеңесі
Шешім**

2004 жылғы 18 маусым N 173 Астана қаласы

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы
негіздерінің мәртебесі, оларды әзірлеу, қабылдау
және іске асыру тәртібі туралы шарт туралы**

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесі (мемлекет басшыларының деңгейінде) 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартының 7-бабын дамыту үшін келісілген құқықтық саясатты жүргізу және Қоғамдастықтың құқықтық жүйесін жетілдіру мақсатында

ш е ш т і :

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы негіздерінің мәртебесі, оларды әзірлеу, қабылдау және іске асыру тәртібі туралы шарт (қоса беріліп отыр) қабылдансын.

ЕурАзЭҚ мемлекетаралық кеңесінің мүшелері:

*Б е л а р у с ь
Р е с п у б л и к а с ы н а н
Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н а н*

Қ ы р ғ ы з
Р е с п у б л и к а с ы н а н
Р е с е й
Ф е д е р а ц и я с ы н а н
Т ә ж і к с т а н

Республикасынан

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы
негіздерінің мәртебесі, оларды әзірлеу, қабылдау
және іске асыру тәртібі туралы
ШАРТ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше
м е м л е к е т т е р ,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы
шартты және 1999 жылғы 26 қазандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық
кеңістікті қалыптастыруды құқықтық қамтамасыз ету туралы келісімді басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) шеңберінде тиімді
интеграциялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін келісілген құқықтық саясатты
ж ү р г і з у г е ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

ЕурАзЭҚ шеңберіндегі құқық қатынастарды реттеудің біріздендірілген тәртібін
әзірлеу қажеттілігін мойындай отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап. Реттеу мәні

Осы Шартпен Тараптар Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы
негіздерінің (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздері) мәртебесін айқындайды,
оларды әзірлеудің, қараудың, қабылдаудың, өзгертудің, күшін тоқтата тұрудың және
тоқтатудың біріздендірілген тәртібін белгілейді.

ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздері ретінде Тараптар үшін құқық қатынастарының
базалық салаларындағы бірыңғай құқықтық реттеу нормаларын белгілейтін және
Тараптардың тиісті келісімдерді (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін
қабылдау туралы келісімдер) жасасу жолымен қабылданатын ЕурАзЭҚ-тың құқықтық
актілері түсініледі.

**2-бап. ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін
әзірлеу қағидаттары**

ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу кезінде мынадай қағидаттар сақталуы
т и і с :

а) ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жалпыға танымал халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарына сәйкестігі;

б) ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін қолданудың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарларын жан-жақты пысықтау.

3-бап. ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу, қарау, қабылдау, өзгерту, күшін тоқтата тұру және тоқтату

ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу, қарау, қабылдау, өзгерту, күшін тоқтата тұру және тоқтату қоса беріліп отырған осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу, қарау, қабылдау, өзгерту, күшін тоқтата тұру және тоқтату тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап. ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін қабылдау туралы келісімдердің күшіне ену тәртібі

ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін қабылдау туралы келісімдер Тараптардың олардың күшіне енуі үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

5-бап. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің іске асырылуын бақылау

Тараптардың мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларының ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздеріне сәйкестігін тексеру және Тараптардың парламенттері мен үкіметтеріне тиісті ақпарат ұсыну мақсатында құқықтық сараптама жүргізу жолымен ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесін, ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясын және ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетін ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің іске асырылуы туралы хабардар етеді.

6-бап. Ақпарат алмасу

Тараптар ұлттық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы мен ЕурАзЭҚ Парламентаралық

Ассамблеясы Бюросының Хатшылығы арқылы ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің іске асырылуы туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

7-бап. Күшіне енуі

Осы Шарт бекітілуге жатады және соңғы бекіту грамотасы депозитарийге тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

8-бап. Қосылу

Осы Шарт ЕурАзЭҚ-қа кірген кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық. Осы Шартқа қосылу туралы құжат депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекет үшін осы Шарт қосылу туралы құжат депозитарийге тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

9-бап. Басқа халықаралық шарттармен ара қатынасы

Осы Шарт Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап. Өзгерістер енгізу

Осы Шартқа өзгерістер Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді және осы Шарттың 7-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

11-бап. Дауларды шешу

Тараптардың арасында осы Шартты түсіндіру және/немесе қолдану туралы даулар туындаған жағдайда олар Тараптар арасындағы келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешілетін болады.

12-бап. Қолданылу мерзімі

Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысының ЕурАзЭҚ шеңберіндегі өзі міндеттемелерін алдын ала реттей отырып, бұл туралы депозитарийге кемінде он екі ай бұрын, жазбаша хабарлау жолымен осы Шарттан шығуға құқығы бар.

2004 жылғы 18 маусымда Астана қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

2004 жылғы 18 маусымдағы
Еуразиялық экономикалық
қоғамдастықтың заңнамасы

негіздерінің мәртебесі, оларды
әзірлеу, қабылдау және іске асыру
тәртібі туралы шартқа қосымша

ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу, қарау, қабылдау, өзгерту, күшін тоқтата тұру және тоқтату ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеуді, қарауды, қабылдауды, өзгертуді, қызметін тоқтата тұруды және тоқтатуды ұйымдастыру жүйесін белгілейді.

2. ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу, қарау және қабылдау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі дайындық ұйымдастыру-құқықтық іс-шараларын жүргізуі жұмыс топтарының ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеуі;

ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын Тараптар үкіметтерінің қарауы;

ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының қарауы;

ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінің қарауы;

ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын қарау және оларды ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесінің қабылдауы.

3. ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін өзгерту, күшін тоқтата тұру және тоқтату осы Тәртіпте оларды әзірлеу, қарау және қабылдау үшін көзделген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

II. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі дайындық ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралары

4. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі дайындық ұйымдастыру-құқықтық іс-шараларына:

а) ЕурАзЭҚ-тағы интеграциялық процестерді дамыту нәтижелерін талдау және қорыту, құқықтық регламенттеу қажеттілігін анықтау, тиісті құқық қатынастар салаларындағы құқықтық реттеу тетігін оңтайландыру және біріздендіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

б) ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінің жанындағы кеңестер мен комиссиялардың,

сондай-ақ ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі тұрақты комиссияларының заң жобалау ұсыныстарын қарау;

в) Тараптардың ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін салыстырмалы-құқықтық талдау, құқық қолдану практикасын талдау;

г) Тараптардың заң шығармашылық қызметінің жоспарларын зерделеу;

д) ЕурАзЭҚ шеңберінде жасалған халықаралық шарттар және ЕурАзЭҚ органдарының шешімдері бойынша міндеттемелердің орындалуын талдау;

е) ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің, ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы мен ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің шешімдеріне сәйкес өткізілетін басқа да

іс-шаралар кіреді.

5. Осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген іс-шараларды өз құзыреті шегінде ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының тұрақты комиссиялары, ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы Бюросының Хатшылығы, ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы, ЕурАзЭҚ-тың көмекші органдары, сондай-ақ ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің жанындағы кеңестер мен комиссиялар жүзеге асырады.

6. Іс-шараларды өткізу нәтижелері бойынша ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы Бюросының Хатшылығы ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар жасайды.

7. Құқық қатынастарының тиісті саласында ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобасын әзірлеу жөніндегі ұсыныс жоба тұжырымдамасы мен ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін әзірлеу қажеттілігінің негіздемесін қамтиды.

8. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстар Тараптардың үкіметтерімен келісілуге тиіс, содан кейін ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының қарауына енгізіледі және ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының заңшығармашылығы қызметінің бағдарламасына енгізіледі.

III. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеуі

9. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеуді ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының заң шығармашылығы қызметінің бағдарламасына сәйкес ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерінің жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтары (бұдан әрі - жұмыс топтары) жүзеге асырады.

10. Жұмыс топтарының құрамын Тараптардың және ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының ұсыныстарын ескере отырып, ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті қалыптастырады.

11. Жұмыс топтарының құрамына:

а) ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы тұрақты комиссияларының мүшелері;
б) ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің жанындағы кеңестер мен комиссиялардың мүшелері;

в) ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының жанындағы ғылыми-сараптама кеңестерінің мүшелері;

г) ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының Бюросы Хатшылығының және ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті Хатшылығының қызметкерлері;

д) Тараптардың мемлекеттік органдарының қызметкерлері;

е) қызметтері заң шығармашылығы, құқық қолдану және ғылыми-зерттеу қызметімен байланысты ғылыми және басқа да ұйымдардың қызметкерлері кіре алады.

12. Жұмыс топтарының басшылары және олардың орынбасарлары жұмыс топтары мүшелерінің арасынан сайланады.

13. Жұмыс топтарының қызметін ақпараттық, құқықтық, материалдық-техникалық және ұйымдық қамтамасыз етуді ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы Бюросының Хатшылығы жүзеге асырады.

14. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын әзірлеуді қаржыландыру ЕурАзЭҚ бюджетінде ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы мен ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының Бюросы Хатшылығының қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

IV. Тараптар үкіметтерінің ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын қарауы

15. Жұмыс топтары әзірлеген ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблея Бюросының Хатшылығы ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы арқылы Тараптардың үкіметтеріне жібереді.

16. Тараптардың үкіметтері ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобалары жөніндегі қорытындыларды ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы арқылы ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы Бюросының Хатшылығына жібереді.

V. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының қарауы

17. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының Регламентінде белгіленген тәртіппен ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы қарайды.

18. ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларына қатысты мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- а) ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобалары негізінен мақұлданысын және ол ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің қарауына жіберілсін;
- б) ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобасы жұмыс тобына пысықтауға жіберілсін.

VI. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің қарауы

19. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті рәсімдерінің ережелерінде белгіленген тәртіппен ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті қ а р а й д ы .

20. ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларына қатысты мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- а) ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобасы мақұлданысын және ол ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесінің қарауына енгізілсін;
- б) ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобасы ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясына пысықтауға жіберілсін.

VII. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесінің қарауы және оларды қабылдауы

21. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі рәсімдерінің ережелерінде белгіленген тәртіппен ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесі қарайды.

22. ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобаларын қараудың нәтижелері бойынша ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесі мынадай ш е ш і м д е р д і ң б і р і н қ а б ы л д а й д ы :

- а) ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін қабылдау туралы келісім қабылданысын;
- б) ЕурАзЭҚ заңнамасы негіздерінің жобасы ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетіне пысықтауға жіберілсін.